

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Китай: угрозы, риски, вызовы развитию [Текст]: монография / под ред. В. Михеева. – М.: Московский Центр Карнеги, 2005.
3. Ли Сюецзюй, [Текст]: доклад пятого заседания Постоянного комитета ВСНП 10-го созыва/ 羊城晚报, 2003.
4. Population and Its Composition by the end of 2014, Statistical communiqué of the people's republic of china on the 2014 national economic and social development. [Текст]: National Bureau of Statistics of China. 2015.
5. World population prospects, Population age 65 and above Данные Департамента по экономическим и социальным вопросам ООН, 2015. // <http://esa.un.org/unpd/wpp/DVD/>
6. **Life Expectancy Index 2014, United Nations Development Programme.** // <http://gtmarket.ru/ratings/life-expectancy-index/life-expectancy-index-info>
7. Данные Национального Бюро Статистики (NBS). // <http://www.stats.gov.cn/english/>
8. Number of retirees covered by basic pension insurance in urban regions in China between 2010 and 2013 (in millions). The Statistics Portal. // <http://www.statista.com/statistics/250612/number-of-retirees-covered-by-pension-insurance-in-urban-regions-in-china/>
9. China's social security system, 中国劳工通讯. // <http://www.clb.org.hk/en/view-resource-centre-content/110107>
10. Aging China's Empty Nests. // <http://www.eeo.com.cn/ens/2013/0221/240187.shtml>
11. Сыроежкин. К.Л. В прошлом году Китай впервые столкнулся с проблемой нехватки рабочей силы. // <http://www.panoramakz.com/index.php/layout/item/34499>
12. Мануков, С. Конец китайского чуда // <http://expert.ru/2015/05/5/konets-kitajskogo-chuda/>
13. China's Population: New Trends and Challenges, Population Bulletin 59, no. 2 [Текст]: монография под ред. Nancy E. Riley – Washington, DC: Population Reference Bureau, 2004.
14. Данные Департамента по экономическим и социальным вопросам ООН, **Total Population Male/Female.** // <http://esa.un.org/unpd/wpp/DVD/>
15. Независимое расследование предпринято юристом из провинции Чжэцзян, У Юшуй, 2013 г. // <http://lenta.ru/articles/2015/11/06/morechinesechildren/> – статья в интернете.
16. Demographic Consequences of China's One-Child Policy [Текст]: Christine Chan, Melissa D'Arcy, Shannon Hill and Farouk Ophaso, 2006, Prepared for the International Economic Development Program, Ford School of Public Policy, University of Michigan.
17. Информационное агентство «Синьхуа», China to allow two children for all couples // http://news.xinhuanet.com/english/2015-10/29/c_134763749.htm

ӘОЖ 930.1(73:519)

АҚШ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ КОРЕЯНЫҢ БІРІҒУ МӘСЕЛЕСІ.

Жақаева Сымбат Серікқалиқызы

Symba92@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, халықаралық қатынастар факультетінің, «6М020900 – шығыстану» мамандығының 1 курс магистранты

Кореяның бірігу мәселесі маңызды ғылыми және саяси мәселе ретінде бауырлас Корея мемлекеттерінің назарында ғана емес, сонымен қоса БҰҰ-ның да бақылауында. Қос мемлекеттің бірігу мәселесінің шешілуі, яғни бірігудің жолдары мен механизмдерінің талқылану үдерісіне осы мәселенің пайда болуына ықпал еткен АҚШ, Ресей және Қытай ең алдымен ат салысу керек деген пікір бар.

АҚШ саяси аренада ықпалды мемлекеттердің бірі ретінде Корей түбегіндегі корей қоғамының саяси дамуына түрткі болғандықтан корей мәселесінің шешілу жолдарында

әрдайым америкалық фактор басты назарға алынады. Әрі Кореяның тарихи кезеңдерінде өз саясатын жүзеге асырған ел ретінде танылатындықтан, АҚШ тарихнамасында бұл мәселе ең алғашқы орындардың бірін алады.

Қазіргі таңда Оңтүстік Корея экономикасы дамыған елдердің қатарына кіретін, демократиялық мемлекет болып табылады. Өзінің сыртқы саясатын белсенді түрде жүргізіп отыр. АҚШта Оңтүстік Кореяға экономикалық қолдау қолпаштаулар көп көрсетті.

Солтүстік Корея социалистік режимде өмір сүріп отырған мемлекет. Жалпы, қатаң саяси бақылау әлі күнге дейін қоғамда бар. Ақпараттық бақылау да қатаң түрде. Кезінде Кеңес Одағының ықпалына көп түскен мемлекет болғандықтан, “жабық саясатты” жүзеге асырып отыр.

Бұл мәселенің америка тарихнамасында аясы кең екеніне назар аударуымыз керек. Әрі оның авторларының тұжырымдамалық позициясы, ой-пікірлері осы мәселенің тарихы мен Кореяның бірігуіне байланысты оптималды жолдар іздестірудегі анализге көп ықпал етеді. Осыған сәйкес бұл жерде Кореяның бірігу мәселесін америкалық тарихнамадағы тұжырымдамалық концепцияларды айқындау мақсатында америкалық корейтанушы зерттеушілердің жұмыстары арқылы қарастырылады. Негізгі дәстүрлі америкалық тарихнама корей мәселесінің шешіміне қатысты белсенді саясат жүргізу керектігіне белгі беретін.

АҚШ-тағы корей мәселесін терең және жан-жақты көзқараспен қараған зерттеушілердің алдыңғы қатарына қазіргі таңдағы Кореяның маманы америкалық атакты ғалым Уиллям М.Дреннангты жатқыза аламыз. Өзінің “Prospects and Implications of Korean Unification” атты мақаласында бұл мәселені реттеуде АҚШ-тың белсенді саясаты керек деген пікірін айқындап өтеді[1]. Ол ‘біржақтылы жеңіс әдіснамасы’ мен ‘Өзінің ғана стратегиялық қызығушылығын’ алдыңғы орынға қоюдан бас тартуға шақырып, АҚШ-тың мақсаты Солтүстік Кореяның режимі мен жүйесін қолдап қолпаштау немесе оны құлату емес, керісінше Оңтүстік Корея көздеген екі Кореяның бірігуіне, сол өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа жол ашатын басқарылатын, әрі бейбіт өзгеру үдерісін табудағы мақсатын қолдайды.

Сеулдегі америкалық елшіліктің бұрынғы қызметкері, атакты корейтанушы зерттеуші М.Т.Фитцпатрик Кореяның қосылуы түбі іске асатын үдеріс, өйткені олардың бір тарихты бөліскен бауырлас халық әрі олардың патриоттық сезімі жоғары деп айтады[2]. Жалпы оның мақаласында АҚШ-тың корей мәселесіне қатысты ресми позициясы көрсетіліп, АҚШ пен Жапонияның неліктен Кореяның қосылуын қолдайтыны туралы дәлелдер келтіріледі.

Америкалық зерттеушілер Джонатан Д.Поллак пен Ли Чхун Мин өздерінің “Preparing for Korean Unification: Scenarios and Implications” атты кітабында АҚШ-тың, АҚШ-тың әскерінің әлемнің әрі осы өңірдегі тұрақтылықтың кепілі ретінде корей мәселесіндегі белсенді рөлін айқындайды[3].

Соңғы онжылдықта америкалық тарихнамада Кореяның бірігуіне байланысты АҚШ-тың мәселені шешудегі рөліне критикалық бағаға сүйенген жаңа көзқарастар пайда болды. Бұл корей мәселесінің демократияланғанын, сонымен қоса АҚШ-тың осы өңірдегі стратегиялық қызығушылық әдіснамасынан алыстағанын білдіреді.

Жаңа ғылыми көзқарас Селик Харисонның атымен байланысты “Korean Endgame: A Strategy for Reunification and the U.S Disengagement”[4] атты еңбегінде АҚШ-тың бұл ойыннан шығу керектігін айтады. Корей мәселесінің шешіміндегі бірігуге АҚШ-тың бөгет жасайтын фактор ретінде танылуы оның келесі түсініктемелерімен байланысты:

Біріншіден, АҚШ-тың корей мәселесінің талқылану үдерісінің өзіне қатысуы солтүстікте наразылық тудырады.

Екіншіден, Солтүстік Кореяның өзінің сынбайтын идеологиялық негізі мен қатал басқару жүйесімен, әрі Оңтүстік Кореямен әріптестігін дамыта отырып либеризация мен реформалар жүргізіп жатыр. Осыдан шығатын ой - екі Корея бірігу үдерісіне өздері жетеді, яғни ешқандай Оңтүстік Кореяның Солтүстік Кореяны ‘жүту’ үдерісі болмайды.

Америкалық зерттеушілердің көкейінде жүрген мәселелердің бірі, егер Корея қосылған жағдайда АҚШ пен басқа елдерге әсер ететін позитивті және негативті салдарын қарастыру болып табылады.

Майкл Армакост пен Кеннет Б. Пайл «Japan and Unification of Korea: Challenges for U.S Policy Coordination» мақалаларында Кореяның қосылуы аталып атқан елдерге қандай әсер тигізетінін анықтап өтеді. Біріккен жағдайда пайда болатын қиыншылықтар мен өзгерістерді болжап өтеді[5].

Америкалық зерттеушілердің осы мәселеге қатысты зерттеулерінде екі Корея біріккен жағдайда оның құны қаншалықты болатыны айтылады.

Чарльз Волф, Hooverd Institute at Stanford University қызметкері, Экономика ғылымдарының докторы, Азия-Тынықмұхит аумағындағы халықаралық қатынастар бойынша атақты маман корей мәселесін экономикалық тұрғыдан қарайды. “North Korean Paradoxes: circumstances, costs and consequences of Korean Unification”[6] атты кітабында тарихнамада қалыптасқан корейнің бірігуінің үш негізгі сценарийін мәселесін қарастырады: 1) солтүстік Корея жүйесінің эволюциясы мен интеграция арқылы бірігу (қытай даму моделі бойынша) 2) солтүстік корей жүйесінің коллапсы және оның оңтүстікпен жұтылуы 3) әскери қақтығыс арқылы бірігу, яғни әскери жолмен. Еңбекте бірігудің әрбір пунктісіне көңіл бөлініп, әрбір жағдайда қаншалықты қаражат кететіні туралы және келтірілген бірігу жолдар бір-бірінен қандай айырмашылық бар екендігі туралы баяндалады. Бірақ кітапта автор қай бірігу жолына жақтасатыны туралы ой-пікір айтпайды. Авторлар Германияның бірігуінің экономикалық аспектісін мысалға келтіре отырып, Кореяның бұл жолмен бірігуіне критикалық баға береді. Корея бірігуі үшін солтүстік жүйесінің модернизациясы керек дейді, бірақ әлі де болса солтүстік корей қоғамы оған алыстау дегендей пікір білдіреді.

Чарльз Вольф, Норман Левинмен бірге жазған өзінің келесі еңбегінде модернизация жоспарын іске асыру әдістеріне негізгі ойды бөле отырып, солтүстік корей жүйесін модернизациялау мәселесін қарастырады[7].

Халықаралық экономика бойынша маман, шығыстанушы Маркус Ноланд Кореяның бірігуінің экономикалық жағын зерттейді. “The costs and benefits of Korean Unification” [8] атты мақаласында корей біріккен жағдайда кететін шығын деңгейін бірнеше жүз миллиард пен бірнеше жүз триллион доллар аралығында бағалайды. Маркус Ноланд “Avoiding the Apocalypse: Future of the two Koreas” кітабында корей бірігуінің үш мүмкін жолын айтады, әрі бірігудің әрбір жолына кететін шығын мөлшерін болжайды.

- солтүстік корейде табысты реформа жүргізу
- Коллапс пен жұту
- режимді сақтауға бағытталған баяу реформа жүргізу

“Modeling Korean Unification”[9] мақаласында Маркус Ноланд, Шерман Робинсон, Тао Ванг жаңа әдістемелік көзқарас айтады, яғни ‘корей интеграциялық моделін’ шығару туралы ой тастайды. Бұл модель Оңтүстік және Солтүстікке арналған екі моделден тұру керек деген өздерінің ойларын алға шығарады. Бұл концепцияға сәйкес, Оңтүстік пен Солтүстік Кореяны бірігуге экономикалық жағынан дайындауға бағытталған еркін сауда аумағын, кедендік одақ құру арқылы Корея арасында сауданы ырықтандыру керек дейді. Тұжырымдамаға сәйкес Солтүстік Кореяны экономикалық өзгерістер негізінде бірте бірте реформалау дұрыс жол болып табылады. Маркус Ноланд солтүстіктің жүйесін реформалау Солтүстік Кореяны ауыр экономикалық жағдай мен ашаршылықтан сақтайтын бірден бір жол деген тұжырымын айтады. Кореяны Германия сияқты қосу идеясынан бұл ғалымдар бас тартады, өйткені экономикалық шығын көп және өте тәуекелді іс дейді.

Селиг Хариссон да солтүстік корей жүйесін модернизациялау, либеризация арқылы осы мәселенің шешімін табуға болады деген пікірді қолдап отыр. Сонымен қатар, бұл үрдіс басталып жатыр дейді.

Қорытындылай келгенде, корей бірігу мәселесін америка тарихнамасы солтүстік корей жүйесін модернизациялау, солтүстік корей экономикасының интеграциясы және либеризация жолымен шешуді алға қояды. Сонымен қоса, америкалық зерттеушілер корей

мәселесін экономикалық тұрғыдан зерттеп шықты. Бірақ та америка тарихнамасында Оңтүстік пен Солтүстік Кореяны одақ немесе конфедерация құру жолы арқылы қосуға аса назар аударылмаған.

Америка тарихнамасының ерекшелігі ретінде америкалық зерттеушілердің корей мәселесіндегі АҚШ-тың рөлі мен сыртқы саясатына теріс көзқарас білдіруі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Drennan, William M. Prospects and Implications of Korean Unification
<http://cryptome.hope-tindall.net/korea-union.htm>
2. Fitzpatrick M.T. Why Japan and the United States Will Welcome Korean Unification // Korea and World affairs. Seoul, 1991. Vol.15, N.3. P.415-441.
3. Pollack, Jonathan D., Lee, Chung Min. Preparing for Korean Unification: Scenarios and Implications. Santa Monica: Rand Corp., 1999. MR-1040-A. ISBN 0-8330-2721-2. 118 pp.
<http://rand.org/pubs/monograph-reports/2007/MR1040.pdf>
4. Harrison, Selig S. Korean Endgame: A Strategy for Reunification and the U.S. Disengagement. Princeton, 2002. 448 p.
5. Armacost, Michael, Kenneth B.Pyle. Japan and Unification of Korea: Challenges for U.S. Policy Coordination // Eberstadt, Nicholas, Ellings, J.Richard (ed.). Korea's Future and the Great Powers. Seattle, 2001. P. 125-163.
6. Wolf, Charles, Jr., Akramov, Kamil. North Korean Paradoxes: circumstances, costs and consequences of Korean Unification. Santa Monica, 2005
http://rand.org/pubs/monographs/2005/RAND_MG333.pdf
7. Wolf, Charles, Jr., Norman, Levin, D. Modernizing the North Korean System: Objectives, Method and Application. Santa Monica, 2008.
http://rand.org/pubs/monographs/2005/RAND_MG710.pdf
8. Noland, Marcus, Robinson, Sherman, Li Gang Liu. The costs and benefits of Korean Unification // Asian Survey, 1998. Vol.38. №8. P. 801-814.
9. Noland, Marcus, Robinson, Sherman, Wang, Tao. Modeling Korean Unification. Washington, 1999.
<http://www.iie.com/publications/wp/99-7.pdf>

УДК 93/94:929.7

ТИТУЛЫ ЗНАТИ В ЭПОХУ ДРЕВНЕТЮРКСКИХ КАГАНАТОВ

Жунусов Бахтияр

zbs817@mail.ru

Факультета Международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилёва. Астана. Казахстан
Научный руководитель - Н.Г.Шаймердинова

Фиксация древнетюркских титулов в письменных источниках и их системный анализ являются одними из актуальных проблем не только истории Тюркского каганата, но и всех тюркских народов.

Наибольшую ценность в качестве источников древнетюркских титулов представляют надписи на памятниках, найденных в долине реки Орхон в Монголии. Кроме того, они очень важны тем, что несут сведения о политической истории древнетюркских государств. Особое место среди орхонских письменных памятников занимают три эпитафии с надписями Кюльтегина, Бильге-кагана и Тоньюкука. Эти надписи являются одними из самых ранних известных образцов тюркской письменности. Датируются 720-м (Тоньюкук), 732-м (Кюльтегин) и 735-м (Бильге-каган) годами. Написанные поэтическим языком тексты дают нам бесценные знания о происхождении тюрков, «золотом веке» их истории, о тяжелых временах